

Әдебиеттер:

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу әдістемелік құрал. Алматы, Қазақ университеті. – 2003 - 616.
2. Колумбаева Ш.Ж.Калиева, Г.И.Инновациялық тәжірибе орталығы педагогикалық технология көзі. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған оқу құралы-Алматы. - 2003-666.
3. Құдайқұлов С.М. Оқушылардың белсенділігін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп. – 2001. - №1/2. – Б. 31-33.
4. Қоянбаев Р.М. Жаңа ғасырдағы білім беру технологиялары және оны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. //Сынып жетекші. – 2004. - №2. – Б.3-7.

**Мухаметжанова А.О., Даян М.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада қазіргі білім мазмұны негізінде, қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын жалпы және жекелеген «Дүниетану» сабақтарында қалыптастыру, соның нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер қарастырылған. Күн сайын өзгеріп тұратын алма кезек өмірде ұстаз оқушыға білім мен ғылымды ғана оқытпауы тиіс, жаңашыл кезеңдегі ұстаздарымыз сонымен қатар шәкірттеріне оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алуға бағыт-бағдар беруі тиіс. Осы тұрғыда сауаттылық, минималды сауаттылық ұғымдарына анықтама беріле отырып функционалдық сауаттылыққа кеңінен тоқталып негіздеме келтірдік, бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың мақсаты мен міндеттерін айқындадық. Мақалада «Дүниетану» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңызы айтылды.

Кілт сөздер: білім, сауаттылық, минималды сауаттылық, функционалдық, құндылық, құзыреттілік.

«Білімдінің заманы!», «Білімді болу заман талабы» өзара байланысқан бұл сөздердің астарында үлкен мән жатыр, ал осы айтылған заман талабына сай білімді болу үшін ең бірінші сауаттылықтан бастайды. Сауаты мықты адам білімдінің заманының бір кірпішін қалаушы. Кез келген істі меңгеру үшін істің басынан бастары анық, яғни сауатты болу үшін біз ең бастапқы кезеңде жүретін мектеп табалдырығындағы бастауыш сынып оқушыларынан бастаймыз. Ендеше бүгінгі күні өмірге, қоғамға кез келген істермен өзгерістерге тез бейімделе алатын тұлға керек. Сондықтан бүгінгі мұғалім болашақ білімпаздарына ғылым негіздерінен мәлімет беріп, шәкірттеріне дүниежүзілік білім, ақпарат, қоғам өмірінен хабардар болап ортаға бейімделе алуға, бір сөзбен жеткізер болсақ қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу қажет. Бұл ретте сауаттылық түрлерінің ішіндегі «функционалдық сауаттылық» ұғымының мағынасын ашып, бала бойына сауаттылықтың осы бір түрін қалыптастыру еліміздің өркендеуімен дамуына бір табан жақындатып, баланы болашаққа, алдағы қоғамдық ортаға тез үйренуге бейімдейді.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени

және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзиреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзиреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады [1].

Жоғарыда келтірілген ақпараттарды негізге алар болсақ айтылып отырған функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды бастауыш сыныптан бастаған дұрыс деп есептейміз.

Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оның мән-мағынасын ашып, теориялық-әдіснамалық анықтамаларын, мақсаты мен міндеттерін айқындауға тоқталайық.

Негізінде, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді.

Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттері қалыптасады. [2, б.3]

Функционалдық сауаттылық мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Осы мақсаттың негізінде төмендегідей міндеттер айқындалды.

Функционалдық сауаттылық міндеті – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық қызметтер туралы білу және белсене араласу, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіру.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға менгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың 5 әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзиреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзиреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзиреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан [2, б.4-5].

Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды барлық пәндерде жүзеге асыруға болады, солардың ішінде ерекше атап өтіп мысалға алатын болсақ «Дүниетану» сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға тоқталайық.

«Жаратылыстану бағытында 1-4 бастауыш сыныптарда «Дүниетану» пәні оқытылады. Пәннің ерекше мәнге ие болу себебі ол – барлық жаратылыстану пәндерінің, оның ішінде биология, география, химия, экология пәндерінің бастамасы болғандықтан, сол пәндер бойынша элементарлық білім негізі қаланады сонымен қатар оқушы бойындағы ұлттық құндылықтарды арттырамыз. Бала дүниеге келегеннен кейін өзін қоршаған барлық дүниені тануға талпынады. Бастауыш сынып бүлдіршіні – белсенді дүниетанушы. Сондықтан осы пәнді оқыту арқылы оқушы тұлғасын тәрбиелеуге басты назар аударылады.

Кезкелген ғылым саласы сияқты жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық-саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады.

«Дүниетану» пәнінде алғашқы «кірпіші» қалануы тиіс бір жағдай әсемдік, әдемілік сезімдері. Әдемілік (сұлулық) сезімді адамның рухани әлемін байытуға бағыттау керек, табиғатты эстетикалық (әсемдік) тануды оны игерудің бір қыры ретінде пайдалану керек. Оқушыға қызықтыра отырып, көрсете отырып берілген білім оқушы санасында мықты бекіп, іскерлік дағдысының қалыптасуына әсерін тигізеді. Ал білім мен іскерлік дағдысының қалыптасуы - функционалдық сауаттылық қалыптастырудың көзі болып табылады.

Ендеше, дүниетануды оқытуда функционалдық сауаттылық қалыптастырудың келесі шарттарын анықтайды, ол оқушыларда сұлулықты көру мен түсіну, бағалау және оны қолымен ұстау, ұлттық құндылықты арттыру, тәжірибе жасау біліктілігін дамыту шарттары болып табылады. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Егер дүниетану пәні бойынша келесі бағыттағы білім негіздері меңгеріліп, іс-әрекетте қолдана білуге машықтанса, жаратылыстану бағытында функционалдық сауаттылықтары (немесе құзыреттіліктері) қалыптасады. Олар келесі құзыреттіліктермен сипатталады:

1. Табиғат пен әлеуметтік өмір танымының арасында тығыз байланыс «адам-табиғат-қоғам» жүйесіндегі өзара тәуелділікті түсіну.

2. Қоғамдық тәртіп ережелерін орындау қажеттілігін, адамгершілік тәрбиесі мақсаттарының мәнін түсіну, экологиялық мәдениеттің алғашқы дағдыларын меңгеруі мен іс-әрекетте көрінеді.

3. Өзінің жеке даралығын сезіну, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін түсіну, өзін өзгерту, салауатты өмір салтының маңыздылығын игеруі.

4. Табиғат құбылыстарын салыстыру, олардың жалпы және ерекше белгілерін ажырату мен өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіне қажетті жағдайларды білуі.

5. Жергілікті жердегі әртүрлі белгілер бойынша бағытты анықтай алу мен картадан, глобустан елдерді, құрлықтарды, мұхиттарды таба білуі.

6. Өз өмірі мен денсаулығын сақтау және қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу мен қолдана алуы.

7. Қазақстанның табиғаты және мәдениеті туралы білуі, оған ұқыпты қарым-қатынас жасау ережесін қолдана алуы. [2, б. 43-45]

Жоғарыда функционалдық сауаттылықты «Дүниетану» сабақтарында қалыптастырудың нәтижелері мен бала бойында қалыптасатын құзыреттіліктерді көрсеттік. Мақалада функционалдық сауаттылықты «Дүниетану» сабақтарында қалыптастыруды қарастырдық, бұл ретте тек осы пән бойынша ғана емес барлық оқытылатын пәндерде функционалдық сауаттылықты қалыптастырып, деңгейін арттыра аламыз. Бастауыш сыныптан функционалдық сауаттылықты қалыптастырар болсақ білімділер заманында ой-өрісі кең, жан-жақты дамыған, ұлттық құндылықтарын бойын сіңіре білген ұрпақтарымыз көп болмақ.

Қорыта айтқанда функционалдық сауаттылық дегеніміз – тұлғаны жан-жақты дамыта отырып оқыту, яғни адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттері қалыптасады. Мақалада функционалдық сауаттылық сөзінің мәні ашылып, мақсаты мен міндеті айқындалды, адам

бойында қалыптасатын құзыреттіліктер негізделді. Функционалдық сауаттылықты бастауыш сыныптан бастап қалыптастыру тиімді және нәтижелі болатындығы туралы айтылды.

Әдебиеттер:

1. <https://ulagat.com>/Н.К. Смагулова, А.К. Курманова, С.К. Жукенова/ Функционалдық сауаттылық: Жаңартылған білім мазмұны./ 2020ж.

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.

Муханмедина Л.Т.

«№66 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛІ – МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

Аннотация. Оқушының оқу сауаттылығын мәтінмен жұмыс жасау арқылы дамыту- тиімді тәсіл. Жаңа технологияларды меңгеріп, оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, мәтін, дағды, білім, нәтиже, әдіс-тәсілдер.

Жаңартылған білім беру мазмұнында бағдарламалық грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушы тақырып аясында әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуге дағдыланып, лексикалық тақырыптар арқылы сөздік қорларын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Төрт дағды коммуникативтік дағдылар: оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары болып табылады. Аталмыш дағдыларды меңгерудің өзіне тән ішкі ерекшеліктері бар. Сондықтан өтілетін тақырыпты жоспарлауда әр дағдының өзіндік ерекшеліктерін тиімді құрастыра білу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Яғни, функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі.

Бүгінгі шәкірт- ертеңгі маман. Ендеше қоғам талабына сәйкес сабақ сапасын көтеру, оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен қабілетін арттыру бәріміздің міндетіміз. Демек, бір әдіспен шектелмей, шығармашылығын шыңдап, озық-тәжірибелерді пайдалана білу шарт. Олай дейтінім, бүгінгі күні сабақты ұйымдастырудың оқытудың жаңа технологиясы дамып, оны қолдану тәжірибеге енген кезеңде одан алыс қалукешірілмейтін жағдай. Осы орайда сөзім дәлелді болу үшін жұмыс барысындағы тәжірибемге тоқталсам. Мәселен, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер.

Сабақтың келесідей мақсаты мен міндеттері белгіленді:

- мектептің оқыту мақсатына тоқтала отырып, ойларын айта білуге жетелеу;
- мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру;
- мәтінге сұрақ қоя білуге үйрету;
- берілген жоғары-төмен дәрежелі сұрақтарға жауап беру;
- мәтіннен негізгі идеяны таба білу;
- мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыландыру;